

"Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2008 жылғы 7 қарашадағы № 279 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі № 262 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» 2008 жылғы 7 қарашадағы № 279 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5388) болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар және өнімді бөлу туралы келісімдер департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апталық мерзімде жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н

атқарушы Ә. Мағауов